



ТӨРЛЕТ, ЕҢБЕК АДАМЫ!

Еңбекпен өрілген өмір

Белгілі жазушы Спандияр Көбеев «Елге сіңірген еңбек жақсы, еңбекті елеген ел жақсы» деп, өмірдің өзегін өрнектейтін еңбек пен ел игілігі үшін төгілген маңдай тердің ескерусіз қалмауы жайында тағылымды ой қалдырады.

Расыменде, еңбек ел болашағының іргетасы болса, ал өмірдің сан саласында адал қызмет етіп жүрген жандардың еңбегін бағалау – елдің еңсесін көтеріп, ұрпаққа үлгі болатын асыл мұрат.

Осы тұрғыда Мемлекет басшысы еңбек адамының мәртебесін көтерудің маңызын алға тарта отырып,

тің арнайы шақырылған қонағы болды. Сонымен бірге кездесу кешіне Арқалық қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі С. Қатешова, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Р. Омарова мен Арқалық политехникалық колледжінің студенттері қатысты.

12 жылдан аса ауыл шаруашылығы саласында адал еңбегімен өнегеліктің нышаны бола білген Қайыр Тұрысбекұлы жастарға еңбек жолы мен диқандардың маңдай терімен жиналған астықты сақтап, ел игілігіне жеткізуде маңызды рөл атқаратын қаламыздың астық қоймасы – элеватордың қызметі туралы сөз етіп, болашақ жас мамандарға: «Оқып жүрген оқуларыңды жақсы аяқтап, қоғамға қажеттілігі бар білікті маман

көрсетілді. Шара сонында кітапхана басшысы С. Алма-това «Еңбек адамы қашан да құрметке лайықты, биылғы жыл – еңбек адамдарының дәріптелетін, төрден орын алатын жылы», – дей келе, бұған дейін еңбек адамының басқа мамандардан дәрежесі жоғары тұрып, құрметтеліп келгендігі жайлы ой тарқатып, қазіргі таңда жұмысшы мамандарының еңбегі ескерусіз қалып жатқандығы жайлы мәселеге қатысты ой білдірді.

Темірді балқытып, өндірісті алға сүйрейтін зауыт жұмысшысы да, көлігін тізгіндеп, елдің қатынасын қамтамасыз ететін жүргізуші де, ыстық ошақ басында елді нанымен қамтамасыз ететін наубайханашы болсын, барлығы да – қоғамды алға қарай жетелейтін елдің, шын мәніндегі, нағыз еңбек майталмандары. Осындай

биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағаны белгілі. Аталған мерейлі жыл аясында, кітапханамызда еліміздің жұмысшы мамандарын кеңінен дәріптеу мақсатында «Еңбекпен өрілген өмір» атты еңбек адамының бенефисі өтті. Табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлесін қосып жүрген еңбек адамы – «QAZ-QAR-LDT» ЖШС, №3 нан қабылдау бөлімінің еңбек және қауіпсіздік инженері Қайыр Ізтілеу кеш-

болындар. Еңбек етуден ешқашан қашпандар, өйткені сол маңдай термен келген нанның дәмі әрқашан тәтті болады. Адал еңбек ете білсеңдер – берекелі өмір сүресіңдер», – деп, ақыл-кеңесін айтты.

Әуезді әндер шырқалып, өлең-жырлар оқылған кеште «Мамандық – өмір таңдауы» атты кітап көрмесі оқырмандардың назарына ұсынылып, еңбек адамының бір күндік жұмыс күні туралы қызықты бейнежазба

жанқиярлықпен атқарылған қарапайым еңбек адамдарының әрбір ісі – елдің еңсесін көтеріп, болашағын нұрландыратыны сөзсіз. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Терлеп еңбек етпегеннің тілегіне жеткенін көргенім жоқ» деген ұлағатты сөзін әсте естен шығармай, еңбек адамдарының бағамына жетіп, құрметтей білейік.

**Гүлзат ӘМІРХАН,
ОӘҒК №2 қызметкері**